



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 16/660

17 апреля 2020 года

Вестник

Актуально

МЫ ДОЛЖНЫ УЧЕСТЬ УРОКИ ПАНДЕМИИ И БЫТЬ ГОТОВЫМИ К НОВЫМ ВЫЗОВАМ – ТОКАЕВ



Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принимает участие в рабочей встрече членов Высшего Евразийского экономического совета, которая проходит в формате видеоконференции, сообщает Kazpravda.kz.

"Сегодня в мире складывается непростая ситуация. Пандемия практически парализовала общественную и экономическую жизнь многих стран. Мы приветствуем достижение соглашения в рамках ОПЕК+ о скоординированном сокращении добычи и восстановлении баланса на рынке энергоресурсов. Высоко оцениваем усилия

Российской Федерации в достижении успеха в рамках данного соглашения. Казахстан участвовал в переговорах в качестве наблюдателя и внес свой вклад, дав согласие на значительное сокращение производства", - сказал Президент.

Как он отметил, по прогнозам экспертов, мировой ВВП в 2020 году может снизиться более чем на 2%. При этом ВВП США и Еврозоны снизятся на 3,3% и 4,2% соответственно. Рост экономики Китая прогнозируется на уровне менее 2%, то есть падение составит около 4%.

"Очевидно, что без активных действий со стороны государства мировая рецессия может оказаться еще более глубокой и серьезной. Поэтому многие страны приняли решительные меры по противодействию распространению коронавируса, поддержке экономик и граждан своих стран. Благодаря предпринятым мерам нам удалось предотвратить неконтролируемое распространение вируса, сохранить стабильность в обществе и деловую активность. Эта встреча - хороший повод для обмена мнениями о взаимодействии наших стран в экстренной ситуации. Мы уже приняли ряд совместных мер. Сегодня Высший Евразийский экономический совет выступит с Совместным заявлением", - продолжил

Касым-Жомарт Токаев.

По его словам, указанные меры станут важным инструментом в борьбе с распространением вируса и стабилизации экономик стран Совета.

"Мы могли бы продумать механизмы укрепления взаимодействия по повышению продовольственной самообеспеченности, максимальному производству собственной готовой продукции, выходу на внешние рынки, обмену опытом в агронауке. Важным направлением нашей совместной работы может стать формирование региональных производственно-технологических производств. Можно приступить к созданию региональных цепочек добавленных стоимостей на основе конкурентных преимуществ наших экономик. Следует пересмотреть подходы к взаимной торговле с учетом безусловного безбарьерного движения товаров и услуг, создаваемых в рамках Союза", - указал Президент.

При этом постоянной задачей является стимулирование деловой активности, напомнил он.

"Наш совместный проект - Евразийский банк развития - должен стать эффективным инструментом финансирования совместных проектов в посткризисный период. События последних месяцев показали

актуальность налаживания тесного сотрудничества в сфере здравоохранения и медицинской науки. Важно усилить взаимодействие по вопросам обмена информацией, разработки инновационных подходов диагностики и лечения заболевания COVID-19, усиления научного сотрудничества между нашими странами. В связи с введением карантинного режима в наших странах мы стали свидетелями увеличения спроса на цифровые товары и услуги. Мы также убедились в безусловной важности качества и надежности цифровой инфраструктуры", - сказал Токаев.

Внедрение передовой, качественной цифровизации в значительной степени определит эффективность всех направлений интеграционной работы: от цифровизации таможенных служб до совместных разработок по Fintech, подчеркнул он.

"Нет сомнений в том, что наши страны и наш Союз выстоят и преодолеют этот небывалый кризис. В то же время, мы должны учесть уроки пандемии, проанализировать нарабатанную за этот период практику и быть готовыми к новым вызовам", - заключил Глава государства.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>
14 апреля 2020 г.

РЕАЛИЗАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В формировании уникальной модели всеказахстанского единства важнейшая роль отводится Ассамблее народа Казахстана (АНК). Главной задачей АНК является реализация государственной национальной политики, обеспечение общественно-политической стабильности в Республике Казахстан и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений.

Идея создания Ассамблеи была впервые озвучена первым президентом республики Нурсултаном Назарбаевым в 1992 году, на Форуме народа Казахстана, посвященном первой годовщине Независимости. 1 марта 1995 года вышел Указ Президента об образовании Ассамблеи народа Казахстана со статусом консультативно-совещательного органа при Главе государства. В мае 2007 года в Конституцию Республики Казахстан был внесен ряд поправок. Ассамблее народа Казахстана придан конституционный статус, она получила право избирать в Мажилисе Парламента девять депутатов, что значительно повысило общественно-политическую роль АНК. 20 октября 2008 года Президентом был подписан Закон «Об Ассамблее народа Казахстана», не имеющий аналогов в мире. АНК стала полноправным субъектом политической системы страны, были определены нормативные правовые основы ее деятельности.

Сегодня Ассамблея способствует созданию благоприятных условий для дальнейшего укрепления межэтнического согласия, толерантности в обществе и единства народа. Кроме того, АНК оказывает содействие государственным органам в противодействии проявлениям экстремизма и радикализма в обществе, формировании политико-правовой культуры граждан, опирающейся на демократические нормы.

Ассамблея обеспечивает интеграцию усилий этнокультурных объединений, помогает возрождению, сохранению и развитию национальных культур, языков и традиций народа Казахстана. Первому Президенту Республики Казахстан — Лидеру Нации принадлежит право пожизненно возглавлять Ассамблею народа



Казахстана.

Сессия Ассамблеи (собрание членов Ассамблеи) является ее высшим руководящим органом. Сессия созывается Президентом Республики Казахстан по мере необходимости, но не реже одного раза в год. В период между сессиями руководство АНК осуществляет Совет Ассамблеи. В Совет входят представители республиканских этнокультурных объединений, общественные деятели, депутаты Парламента, министры, акимы областей. Два заместителя Председателя Ассамблеи от этнических объединений назначаются распоряжением Президента на ротационной основе по

представлению Совета Ассамблеи. Рабочим органом является Секретариат Ассамблеи народа Казахстана в структуре Администрации Президента в качестве самостоятельного отдела. Секретариат возглавляет заведующий Секретариатом, который одновременно является заместителем Председателя Ассамблеи. Благодаря этому обеспечивается

эффективность участия АНК в государственном управлении и общественных отношениях. В регионах структуру Ассамблеи возглавляют акимы областей. Состав Ассамблеи и ассамблей областей, города республиканского значения и столицы формируется из числа представителей этнокультурных и иных общественных объединений, представителей госорганов и иных лиц с учетом их авторитета в обществе. 9 депутатов Мажилиса Парламента от Ассамблеи народа Казахстана, представляют интересы всех этносов страны. Кроме того, представительство казахстанских этнических сообществ в Парламенте осуществ-

ляется на основе их прямого участия в представительных органах через политические партии.

На XXIII сессии АНК, которая состоялась 23 апреля 2015 года во Дворце мира и согласия, Нурсултан Назарбаев поставил 7 новых задач, в реализации которых Ассамблея должна принимать непосредственное участие. Это развитие всеказахстанской культуры, укрепление единства народа на основе общих духовно-нравственных ценностей, патриотической воспитание молодежи, дальнейшее развитие государственного языка и трехязычного образования, обеспечение общественного контроля в транспарентном государстве, недопущение политизации межэтнических отношений, а также укрепление культурно-гуманитарных связей с партнерами по Евразийскому экономическому союзу.

Со дня образования АНК прошла длительный путь развития, накопив большой консолидирующий и интеллектуальный потенциал и трансформировавшись в институт народной дипломатии. Во многом благодаря работе Ассамблеи в нашей стране сформировалась уникальная модель межэтнического и межконфессионального согласия, особая атмосфера доверия, солидарности и взаимопонимания, когда каждый гражданин, независимо от этнической или религиозной принадлежности, обладает и пользуется всей полнотой гражданских прав и свобод, гарантируемых Конституцией. В республике созданы все необходимые условия для развития культуры, языка, традиций всех этносов нашей республики. Деятельность Ассамблеи способствует росту международного авторитета Казахстана как страны, эффективно решающей вопросы межэтнических отношений.

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск, по материалам сайта assembly.kz

ҚИЫН КЕЗДЕР БҰРЫН ДА БОЛҒАН

Өзге елдер секілді қазақ ұлты да талай зұлматты, ауыл жылдарды, ашаршықты пен жаугершілікті де көрген. Талай кеселді дерттің алдын кесіп, аман қалғаны тарихтан белгілі. Тап осы күндері әлемді кезіп жүрген, талай адамның өмірін жалмаған бұл кеселді де бірге болған, дерттің алдын алуға ұмтылған жұрттар жеңіп шығарына сенемін.

Бұл отыз жылда ең бастысы орнықтылық сақталып, Отанымыздың көркейіп дамуына кең жол ашылды. Айғай-аттансыз, қантөгіссіз, қайғы-қасіретсіз бір жүйеден екінші жүйеге емін-еркін өттік. Дағдылы жолдан жаңа жолға ауысып дағдарып қалсақ та, тез ес жиып, етек-жеңімізді жинап, өмірге жаңадан туғандай болып, болашаққа үмітпен қарай алдық. Күдігіміз сейілді. Шетелден қандас бауырларымыз келіп,

көш-керуеніміз түзелді. «Елге ел қосылса – құт болады» деп, қазақ тілінде сөйлейтін, ұлттық дәстүр-салтымызды ұстанатын зиялы жұрт өкілдері көбейіп, дикан-малшылар арамызды толықтырды. Жаңадан кәсіп көздері ашылып, мектептегі оқушы саны қауырт көбейіп, студенттердің қатары қалыңдады. Халықтың жан саны 20 миллионға жуықтап, өмірімізге өзгеріс кіріп, тыңнан тіршілік басталып, «өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды». Арқа төсінен айшықты алып қала Нұр-Сұлтан бой көтерді. Міне, арғы отыз жыл мен бергі отыз жылдың жер мен көктей айырмашылы осылай көрнектілініп көңіліміз өсті, жүзімізден шуақ есті. Осының бәрі өздігінен бола қалған жоқ, халықтың өзегінде мықты ұйытқы, ұйымдастыра білетін, бағыты айқын, бағдары тура мығым ойлы, парасатты

басшы болғандықтан да бұралаң жолда бұғып қалмай, қиын күндерде қисайып кетпей алға бастық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екі мәселені қадап айтып келді. Бірі, тәуелсіздік есейткен еңбек адамын, уақыт тудырған тың шығармалар және оның әдеби қаһармандарын жарыққа шығару. Екіншіден, ұлттық әдебиеттің мәйегінен айырылмай, әр ұлт қаламгерлері өз бағытын батыл жалғастыра беруді санамызға сіңірді. Елбасы тағы да осынау қысылтаяң шақта елге арнауын жолдады. Оқып шық та, пайымдай бер. Жайшылықта кімнің кім екенін біле бермейсің, басымызға ауыр күн туып, «ат ауыздықпен су ішіп, ер етігімен су кешкенде» адамдық ардың таразысына түсетіні анық. Нағыз мұсылманның ерекшелігі – біреудің мінін бетіне баспау дейді екен. «Сен мүмін-

Бірге болсақ, бәрін жеңеміз!

нің күнәсін жасырсаң, Алла сенің күнәңді жасырады» депті, адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыз (с.ғ.с). Бірақ маған ар соты бәрінен биік, бәрінен өктем болып көрінді. Не айту керек?

Қазақ халқа ұзақ жылдық дәуірінде талай құқайды көрсе де, соның бәрінен ауыз-бірліктің, татулықтың арқасында құтылып отырған бізге бүгін белгілі. Түптеп келгенде бүгінгі ел басына келген ауыр дерттен де осынау ауызбірліктің, тату-тәтті тірлік пен берік сабырдың арқасында құтыламыз. Өмірдің заңдылығы да соған саяды. Сабыр-тағат бар жерде орынсыз ашуыза, дүрлігу, желсөзге еру де болмайды. Бұл даналарымыздан қалған пайым-түсінік. Кім қалай қабылдаса да, өздерінің патша көңілдеріне байланысты.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ,
Приозерск қаласының ІС,МЖТДБ

ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ МАҚАЛАСЫНА ШКІРЛЕР

Бірлігі берік, біртұтас елміз

Қазақстан халқының Тұңғыш Президенті, Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Бірлесе білген ел – бәрін жеңеді» атты мақаласы әрбір қазақстандықтарға қиын-қыстау кезінде қажет үндеу болған секілді. Өйткені, жүрегімізге жылылық пен сенім ұлатаатын жігерлі сөздер аңсап жүрген халыққа Елбасының қолдау көрсетіп жатқаны да үлкен сыйластықтың белгісі іспеттес. Әсіресе, «Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі - бір-бірімен етене, егіз ұғымдар. Мемлекет қиындықтан шығу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды», - деп сенімді түрде айтуы Қазақстан халқының көкейінен шығып жатты.

Бұдан да қиын уақытта Елбасының қолдауының, сенімділігінің арқасында біз биік белестерге қол жеткізіп, әлемдік деңгейдегі беделге ие болдық емес пе?!

Бүгінгі таңда Елбасы саясатының арқасында, біз балаларды таза аспан астында, бейбітшілік пен келісімде, ертеңгі күнге сенімді өмір сүруге және өсіруге мүмкіндігіміз бар екендігіне көз жеткіздік.

Әрине, бүгінгі күні болып жатқан әлемдегі оқиғалар да өзге елдер мен өз еліміздің, мемлекет басшыларының қандай амалдарды орынды қолданып жатқанын көріп отырмыз. Елімізде тұрақты түрде пандемиямен күресуге арналған игі жұмыстар жүргізілуде. Қиын сәтте мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар, Елбасының бастамасымен құрылған

«Біргеміз» қоғамдық қоры мұқтаж әр жанға дем беріп жатқаны да белгілі.

«Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз. Мен әрқашан халқыммен бірге болғаным, бұл жолы да сіздермен біргемін», - деп Нұрсұлтан Әбішұлы өз үндеуінде халықты бірлікке, ынтымақтастыққа шақырса, біз де «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» біртұтастығымызды сөзбен емес, іспен дәлелдесең, елге төнген кез келген қиындықтан аман шығатынымызға шүбәміз жоқ. Сондықтан да, халқым, барымызды бағалап, бағымызды қадірлеп, еңсесі мықты ел екенімізді бірлігі берік, біртұтас ел ретінде тағы да бір дәлелдейік!

Маржанкүл Хизирова,
№1 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы

8 сәуір күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барша Қазақстан халқына «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді!» атты үндеуін жариялады. Елбасының мақаласы баршамызға күш-қуат беріп, қазіргі дүрбелең кезеңде елімізді сабырлыққа, бірлікке, ынтымаққа, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға шақырды. Елбасымыз Абай атамның «Кімге достығың болса, достық достық шақырады» деген нақыл сөздерімен татулықты ту етіп, халықты бір анандан туғандай тату өмір сүруге бағыттады.

Тәуелсіздіктің тәтті жемісін бірге татып келе жатқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының стратегиялық бастамалары, болашақты болжай білетін көрегенділігі, сарабал саясаткерлігі арқасында еліміз тату-тәтті өмір сүретін мемлекеттің

символына айналды десем артық кетпеген болармын. Қазіргі уақытта еліміз қуатты, қажырлы, бірлігі мол мемлекет! Тек қазақ еліне ғана емес бүкіл әлемге қауіп төндірген індетпен күресу кезінде де Елбасымыз халқын барынша қолдап, демеп, жанынан табылды. Алғысымыз шексіз!

«Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды»-демекші барымызды бағалайық! «Қолда барда алтынның қадірі жоқ!» Біз - ашық аспан астында, бейбіт әрі тату-тәтті өмір сүріп жатқанымызды бағалайық! Арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық!

–Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын! Қиыншылық деген қиын келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, «Тату үйге - таксірет жуымайды»- демекші тату болайық! Ынтымақ түбі игілік! Барша қазақ еліне мына жүйке жұқарқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін!

Ж. Қыдыралы,
«Приозерск қаласының ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
ММ бас маманы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз еліне «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты үндеуін жолдады. Елбасы ұлт саулығы сыңға түскен уақытта қазақ елін сабырға, бірлікке шақырды. Жаман індет - корона-вирус дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндіріп келеді. Осы орайда, Қазақстан да қауіпті дертпен күресу жолында тиісті сақтандыру шараларын жасауда. Соның нәтижесінде ахуал күн сайын, сағат сайын

назарда ұсталып, қадағалануда. Елбасымыз игі мақсаттағы іс-шараларды бүкіл халық болып қолдауға шақырды. Пандемия бүкіл әлемге экономикалық дағдарыс туғызды. Мұнайдың бағасы құлдырап, ел мен ел арасындағы алыс-беріс тиылды, жұмыссыздық көбейіп отыр. Қазақстанда болып жатқан жағдай оңай емес. Осы қиын-қыстау кезеңде мемлекетіміз барлық азаматтарға барынша қолдау көрсетуде.

«Қажеттіліктермен қамтамасыз ету үшін мемлекетте қажетті қаржы-қаражат, материалдық ресурс, техника, азық-түліктің барлығы бар» - деді Елбасымыз. Сонымен қатар, еліміздің зиялы қауым өкілдеріне халықты ынтымаққа шақырып, ізгі амалдар жасауға, саламатты өмір салтын ұстануға үндеулерін сұрады. Ал, жас ескелен ұрпаққа жамандықтан, жат әдеттерден сақтанып, бойындағы күш-қайраттарын ізгі істерге, яғни, үлкенге құрмет, кішіге-қамқор, бір-бірлеріне дос, тілектес болуға шақырды. Елбасымыз қазақстандық кәсіпкерлерге де осынау қиын заман туған уақытта өз отандастарына қол ұшын беріп, қаржылай, заттай көмектесуге өтініш жасады.

Біздің Ата заңымыздың бірінші бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі» делінген. Елбасымыз да осыны ойдан шығармауға және әрбір адам өзінің отбасының, ата-ана мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жанашырлықпен, ерекше жауапкершілікпен қарауға шақырды. Қиындыққа қайыспай, белімізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмайық. Біз біргеміз!

Х. Искакова,
Приозерск қаласының «Айналайын»
бөбекжайының психологы

Біз біргеміз !

Жұртты алаңдатқан індетке байланысты елімізде жарияланған төтенше жағдай кезінде Приозерск қаласының еріктілері барынша белсенділік танытуда. Атап айтар болсақ, Мемлекет басшысының бастамасымен бастау алған "Біз біргеміз" акциясы аясында бірнеше қайырымдылық іс-шаралары ұйым-



дастырылды.

Жоғарыда аталған аталмыш акция қала аумағында ағымдағы жылдың 20 наурызы

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ОРАСАН ЗОР

күні бастау алды. Қаламыздың кәсіпкерлерінің жәрдемдесуі мен «Нұр Отан» партиясының қолдауының арқасында, Жастар ресурстық орталығы мен «ASAR» волонтерлік корпусының атсалысуымен көп балалы және аз қамтылған отбасыларға, жалғызбасты қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға және әлеуметтік осал топта-

акция ұйымдастырылды. Осының бәрі еріктілеріміздің кәсіпкерлерді тартуы, мұқтаж жандарды іздестіруі, оларға не керегін сұрап, жағдайын білуінің нәтижесінде өткізіліп отыр.

Бүгінгі күнге дейін барлық мұқтаж жандарға жалпы соммасы 361 мың теңгені құрайтын жарты тоннаға жуық азық-түлік себеті мен санитарлық-гигиеналық құралдар және тұрмыстық заттар алынып, алынған өнімдер 115 отбасына (27 жалғызбасты зейнеткерге, 10 мүмкіндігі шектеулі жанға, 78 аз қамтылған және көпбалалы отбасына) таратылды. Азық-түлік себетінің ішінде бакалей өнімдері, ұн, жарма, көкөніс, жеміс-жидек, сұйық май және тағы басқа қажетті азық-түліктер бар. Сонымен қатар қаламыздың ерікті тұрғындарының атсалысуымен 2500 бетперде тігіліп, оның ішінде 1671 бетперде әлеуметтік осал топтағы тұрғындарға таратылды.

Осының бәрі қарапайым түрде айтыла салғанымен, қаншама еңбек пен ерік-жігерді талап етеді. Сондықтан, бүгінгі таңда індетке қарсы тігілген бетперделермен тұрғындарды қамтуда еріктілердің еңбегі орасан зор.

Волонтерлар – тек флешмоб пен қоғамдық іс-шараларға ғана қатысатын қоғамның белсенді мүшесі ғана емес, сын сағатта



мұқтаж жандарға қамқор бола алатын біздің заманымыздың бүгінгі қаһармандары екенін дәлелдей алды.

Сондықтан осындай волонтерларымыз барда, аталмыш акция алдағы уақытта да жалғасын тауып, алынған азық-түліктер мен санитарлық-гигиеналық құралдар қала аумағындағы көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, жалғызбасты зейнеткерлерге табыс етілетін болады.

Ұ. Алмас,
Приозерск қаласы жастардың
ресурстық орталығының
басшысы



ВСЕ МЕДУЧРЕЖДЕНИЯ РК БУДУТ РАБОТАТЬ КАК ИНФЕКЦИОННЫЕ БОЛЬНИЦЫ - ГЛАВА МИНЗДРАВА

Министр здравоохранения РК Елжан Биртанов в интервью 31 каналу рассказал, что все медучреждения переходят на работу в формате инфекционных больниц, передает Kazpravda.kz.

"Все больше будет больных – беременных, людей с травмами, с инфарктом, инсультом, которые могут быть заражены. И этих больных нельзя лечить в инфекционной больнице, поскольку инфекционная больница предназначена лишь для лечения инфекций. Поэтому в регионах страны мы реформируем многопрофильные боль-

ницы на работу в формате инфекционной больницы. Это означает, в первую очередь, готовность медработников к своей защите и, самое главное, к защите пациентов", – сообщил спикер.

Министр отметил, что по принципу инфекционных будут также работать все районные больницы, все поликлиники и скорая помощь. Всех больных обязаны принимать через фильтр. И уже после диагностики и исключения коронавирусной инфекции, можно приступать к лечению.

"Если требуется экстренная операция,

значит, оперировать нужно при обеспечении полной собственной безопасности и безопасности пациента. Это непростое. Это требует тренировки, так что начинайте это дело сейчас", – заявил Биртанов.

По его словам, коронавирус – новая инфекция, и ее лечение требует нетривиального подхода.

"Люди, которые показывают полностью характерную клинику Covid-19, но при этом у них отрицательные анализы. Или люди, которые вроде выздоровели, а затем появляются симптомы. Также люди без симп-

томов на 14 дней заболевают. Поэтому это не так просто, как кажется. Еще раз повторю, коронавирус – не грипп, не простая болезнь, с которой может справиться любой врач. Исходя из этого нам надо постоянно изучать и обмениваться своим опытом с коллегами. Ребята, изучайте литературу, мы ежедневно высылаем вам на почту и в чаты дайджесты, протоколы. Сегодня утвердили новый протокол, это уже шестая редакция, там все научно доказанные технологии есть. Не нужно думать, что вас это не коснется. Вы должны быть готовы, чтобы встретить этих больных", – сказал Елжан Биртанов.

Источник: <https://www.kazpravda.kz/>
Автор: Екатерина Елисева

...Өз тіліңді құрметте!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНГЕРУ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ



Тіл – тәрбие дінгегі, тіл білім – ғылымды игеру көзі, тіл – ұлттың жаны. Мемлекеттік тіліміз – мемлекеттің нышаны. Бір мемлекетте бір мемлекеттік тіл өмір сүруі рухани тұтастыққа қол жеткізеді. Ал рухани тұтастықтың апарар шегі – шын мәніндегі үлкен алтын әріптермен жазылатын – тәуелсіздік.

Туған тілдің абыройын асқатату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Ендеше, мемлекеттік тілді қоғам өмірінде кеңінен қолдану туралы мәселенің бүгін бір саясатқа айналып, қолданысқа енуіне кері әсерін тигізіп отырған мән-жайлардың ұшы адам баласының өзіне келіп тіреледі. Себебі, қоғамдық ортада, таза мемлекеттік тілде сөйлеу, барлық жарнамалар мен ескертпе құлаққағыстарды тек орыс тілінде іліп қою сияқты құбылыстарға назар аударып қана қоймай, нақты шаралар қолданар болсақ, мемлекеттік тілдің қоғам өмірінде маңызды орын аларына зор ықпал еткен болар едік.

Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүруі мүмкін емес, ал тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді.

Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «...Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы. Ана тілін қадірлеу – әр азаматтың перзенттік парызы. Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы жатыр. Тілге деген көзқарас – шындып келгенде, елге деген көзқарас. Ана тіліміз – бізді гасыр-дан гасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден-бір барымыз да, парымыз да. Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше, оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз да жоқ» – деген болатын.

Тіл адамның толыққанды жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауына, ақпарат алмасуға, бала тәрбиелеп, зияткерлік мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік береді. Тіл маңызды коммуникативтік қызмет атқара отырып, сонымен бірге, адамның өз ойын, ниет-пиғылы мен көңіл-күйін білдіріп, ішкі әлемін көрсетеді, білімін жетілдіруге, адам санасының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік тіл арқылы қоғам мүшелері, жеке тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынас жасалады. Сондықтан мемлекеттік тілді менгеру әр қазақстандық үшін Отан алдындағы парыз.

П.С.Кенжебекова,
«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ директоры

Тең құқықтылық

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Отбасы – адамның бүкіл өмірлік циклімен қатар жүретін маңызды топ қана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақты және орнықты дамуының негізі, және мемлекет әл-ауқатының шарты. Отбасының нақты өмірде адамгершілік-рухани жағдайдан бастап қаржылық-экономикалық кезеңге дейін көптеген бейнесі бар. Ол репродукцияға, тәрбиеге, жан-жақты әлеуметтенуге, дәстүрлер сабақтастығына, этномәдени салт-дәстүрлерді сақтауға байланысты бір-қатар функцияларды атқарады.

Қазақстан Республикасында отбасы саясатын іске асыру мынадай қағидадарда жүзеге асырылады: отбасы функцияларын орындауда ерлі-зайыптылар құқықтарының, мүмкіндіктері мен міндеттерінің теңдігі; отбасының барынша жақсы өмір сүруі үшін жағдайлардың қолжетімділігі; өзі өміріне қатысты шешім қабылдауда отбасының дербестігі; баланы тәрбиелеуге, оған білім беруге және баланың (балалардың) жеке басын дамытуға отбасының жауапкершілігі; отбасының, қоғамның және мемлекеттің әріптестігі; отбасының мұқ-таждығы мен қажетті-

лігін ескере отырып, мемлекеттік отбасылық саясатты іске асырудағы атаулылық пен инклюзивтілік; тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне мүлдем төзбеушілік; қоғамдағы жат қылықтарға төзбеушілік.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы жағдайда ата-ананың екеуі де бала тәрбиесі мен үй шаруашылығын жүргізуге бірдей жауапты болуға тиіс. Бұл ретте, этномәдени бірегейлікті де сипаттайтын отбасы дәстүрлері мен адамгершілік-рухани құндылықтарды сақтау өте маңызды.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, гендерлік саясатты іске асырудың тиімділігі өскелең ұрпақтың насихатталатын идеологияны, мінез-құлық стереотиптерін, рухани құндылықтарды ерте жасынан қабылдауына тікелей байланысты. Осылайша, жас ұрпақты тәрбиелеу сапасына көбіне оның өмірге деген көзқарасы мен қоғам өмірінің түрлі саласындағы мемлекет саясатына қарым-қатынасы байланысты болады.

Эльмира Ахметова,
Приозерск қалалық сотының судьясы

Болашаққа нақты қадам

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ЗАМАН ТАЛАБЫ МА?

Латын әліпбиіне көшу заман талабы ма? Елбасының «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» атты көлемді мақаласында «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге жетуіне жол ашады» деген болатын. Бұл үрдіс қазақ еліне ешқандай жат еместігін, тамыры сонау ежелден таралғанын тарқатып, елбасымыздың көреген көшбасшы ретінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы халықты бастауы айқын сара жолға бастайтынын атап көрсетті.

Осы орайда ағымдағы жылдың 27-ші ақпананда №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 6 «Г» сынып оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылған «Латын әліпбиіне көшу заман талабы ма?» атты әдеби - сынып сағаты өтті. Сынып сағатында сынып оқушысы А.Кирим тіл туралы қызықты деректерден үзінді оқып тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік алатынымыз, латын – әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашатыны және түбі түркі дүниесімен жасын танысуға мол мүмкіндік болатыны айтылды. Және оқушылар латын



әліпбиіне өте отырып тіліміз әлемдік деңгейге бір табан жақындап, заман талабына сай болады деген ой түйді. Сынып жетекшісі А.Кайыржан оқушыларға латын графикасының маңыздылығы туралы баяндама оқыды. Сынып сағатында оқушылар өз көзқарастарын білдіріп, бүгінгі көтеріліп отырған басты мәселе қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру туралы өз ойын білдірді. Сынып сағаты сонында оқушылар латын қарпіне көшуді қолдайтындықтарын білдіріп, осы орайда атсалысатындарын атап өтті.

А.А. Кайыржан,
Приозерск қаласының №2 ЖОББМ
КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі

Парақорлықтың жолын кесу

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН
БІРГЕ КҮРЕСЕМІЗ

зұлымдықпен күресу болып табылады. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Приозерск қалалық сотында жұмыс күндері сағат 09.00-18.30 аралығында судьялардың «Судья әдеби Кодексінің» нормаларын, сот мамандарының «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарды бұзу фактілерін хабарлау үшін 5-40-92 сенім телефоны жұмыс жасайды».

А. Назар,
Приозерск қалалық сотының
аға сот приставы

АКИМ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВСТРЕТИЛСЯ С ПРИЗЫВНИКАМИ- ДОБРОВОЛЬЦАМИ

Женис Касымбек встретился с добровольцами из числа военнообязанных, которых призвали на специальные сборы. Призывники в течение месяца будут задействованы в качестве дополнительной силы для санитарной обра-



ботки городских территорий.

Глава области обратился к военнообязанным.

- Наша страна сплотилась в борьбе с распространением невидимого врага. В напряжённом режиме продолжают трудиться врачи, полицейские, волонтеры и все неравнодушные граждане. Но угроза сохраняется, ник эпидемии ещё не пройден. 2 апреля Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал указ о призыве военнообязанных на специальные сборы. Больше двух тысяч человек по всей стране изъявили желание исполнить свой долг перед Родиной и внести



свой посильный вклад. И сегодня среди них вы, 95 карагандинских добровольцев. Мы все вами гордимся! Желаю с честью выполнить все поставленные перед вами задачи, - сказал Женис Касымбек.

Средний возраст призывников - 25-35 лет. Среди них есть те, кто временно остался без работы из сферы МСБ. Также есть 17 человек с медицинским образованием. В течение месяца призывники-добровольцы будут заниматься санитарной обработкой важных объектов и дежурить на санитарных



блокпостах. Они обеспечены всем необходимым снаряжением, средствами индивидуальной защиты, трёхразовым питанием. С момента призыва военнообязанные обретают статус военно-служащих. Все они получают заработную плату, а также положенные по закону льготы и социальные гарантии.

Женис Касымбек также ознакомился с целями и задачами, поставленными перед подразделениями территориальной обороны Карагандинской области, а также вручил некоторым военнослужащим грамоты за обеспечение режима ЧП.

Источник:

<https://karaganda-region.gov.kz/>

ПРОГРАММА Льготного КРЕДИТОВАНИЯ ДЛЯ ПОДДЕРЖКИ БИЗНЕСА

Для поддержки малого и среднего бизнеса в период действия режима ЧП в Карагандинской области стартовала новая программа льготного кредитования под 8% годовых. При этом такие займы не имеют целевого назначения. Об этом в ходе селекторного аппаратного совещания в акимате области сообщила руководитель Управления предпринимательства Татьяна Аблаева.

Уже есть первые проекты, одобренные банками.

- При этом никаких отраслевых ограничений программа льготного кредитования не предусматривает. Даже можно взять кредит на выплату заработной платы работникам, выполнение договорных обязательств, - отметила Татьяна Аблаева.

В области также работает оперативный штаб помощи предпринимателям. Ежедневно в штабе обрабатывается до 250 звонков, в том числе с выездом на место. На сегодня специалисты получили 4 тысячи обращений.

Источник: <https://karaganda-region.gov.kz/>

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТӘРТІПТІК КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ

2020 жылы 18 наурызда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Карағанды облысы бойынша Департаментінің Балқаш аймағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауданаралық бөлімінің (ары қарай-Бөлім) 2020 жылғы 25 ақпандағы №10-7/50 ұсынымына сәйкес, Бөлім басшысы Т.Абдиқаримовтың қатысуымен «Коммуналдық тұрғын-үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» КМК-де жұмыс барысында жіберілген заң бұзушылықтарды қарастыру бойынша тәртіптік комиссияның отырысы өткізілді. Кемшіліктерге жол бергені

үшін тиісті мамандар тәртіптік жазаға тартылып, алдағы уақытта қателіктерге жол бермеу туралы тапсырма берілді.

А. Исатаев,
әкім аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі Уәкіл



ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник

Запись по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Антоний)
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).
На маникюр:
8-708-235-35-19
(Анастасия)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

КТО МОЖЕТ ВЪЕЗЖАТЬ НА ТЕРРИТОРИЮ ГОРОДОВ И РАЙОННЫХ ЦЕНТРОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Виды транспорта:

- Транзитный грузовой автотранспорт, загруженный или порожний.
- Грузовой автотранспорт с товарами для нужд населения, включая продовольственные товары, лекарственные средства и медицинские изделия, средства защиты и гигиены, горюче-смазочные материалы и товары для проведения весенне-полевых работ.
- Легковой автотранспорт при наличии в электронной базе propusk.kz. В Темиртау движение собственных машин запретят полностью.

Документы:

- Удостоверение личности или паспорт сопровождающего. В отдельных городах, пропускная система будет работать только в электронном виде и сформирована исключительно из тех предприятий, которым разрешено работать в период карантина.
- Технический паспорт, путевой лист.
- Товарно-транспортная накладная на товары первой необходимости.
- Пропуск на транспорт, маршрутный лист с указанием пассажиров.

Порядок передвижения по городу:

- Бумажные справки с места работы будут недействительны в Караганде, Абае, Сарани, Темиртау, Шахтинске, а также в населённых пунктах Бухар-Жырауского района: Доскее, Уштобе, Коклекты, Ботакаре, им. Г. Мустафина, Петровке.
- С 10 вечера до 5 утра нельзя будет передвигаться на личном автотранспорте внутри карантинных зон. Пропуска и специальные разрешения не выдаются! Будет действовать только электронная база. Для остальных городов справка с места работы;

ОБЯЗАТЕЛЬНО! наличие необходимых индивидуальных санитарных средств защиты:

- Санитайзер и средства гигиены (запасные маски и резиновые перчатки).
- Запасные индивидуальные санитарные средства защиты (маска, халат, резиновые перчатки).

Примечание:

- Подать заявку должен только работодатель и только в режиме онлайн на сайте propusk.kz, который начнёт работать с 17 апреля 2020 года.
- Обращаем внимание, что уполномоченные органы имеют право отклонить заявку, если деятельность предприятий не регламентирована принятыми нормами.

УВАЖАЕМЫЕ АБОНЕНТЫ!

В связи с переходом КГП УЖКР на безналичную оплату коммунальных платежей, для создания информационной базы и оповещения, потребителей, просим Вас предоставить в абонентский отдел КГП УЖКР номер сотового телефона и/или адрес э/почты.

Все вопросы можете задавать по телефону: рабочий 5-32-39, сотовый 8 777 840 08 40 (WhatsApp)

КГП УЖКР

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж,
хоз.постройки. Тел.: 87070343737,
(87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 16/660. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.